

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 11 ақпандағы N 106 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 19 наурыздағы N 332. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.03. N 809 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Таратылған КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру институтының Қарағанды филиалын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 11 ақпандағы N 106 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 5, 91-бап) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"Қарағанды облыстық еңбек биржасы" сөздері "Қарағанды облыстық жұмыспен қамту орталығы - еңбек биржасы" сөздерімен алмастырылсын;

"мамандарды, жұмыстан босаған қызметкерлер мен қолы бос халықты оқыту, қайта даярлау және олардың мамандығын арттыру орталығы бар" сөздері а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

екінші абзацтағы "Қарағанды облыстық еңбек биржасы" сөздері "Қарағанды облыстық жұмыспен қамту орталығы - еңбек биржасы" сөздерімен а л м а с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтың күші жойылған деп танылсын;

3 - т а р м а қ т а :

"Қарағанды облыстық еңбек биржасына" сөздері "Қарағанды облыстық жұмыспен қамту орталығы - еңбек биржасы" сөздерімен алмастырылсын;

"сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдарға қызмет көрсету жөніндегі шаруашылық есепті қызметінен түскен қаржы" сөздері алынып тасталсын;

5-тармақтағы "облыстық еңбек биржасын" сөздері "облыстық жұмыспен қамту орталығын - еңбек биржасын" сөздерімен алмастырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі нормативтік актілерді осы қаулыға сәйкестендірсін".

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК